## Каспий теңізі қайраңының қазақстандық бөлігін игерудің 2003-2005 жылдарға арналған (I кезең) бағдарламасы жобасын жетілдіру үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2003 жылғы 17 қаңтар N 4-ө

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы ұсынған Каспий теңізі қайраңының қазақстандық бөлігін игерудің 2003-2005 жылдарға арналған (I кезең) бағдарламасының жобасын (бұдан әрі - Бағдарлама) жетілдіру мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес жұмыс тобы құрылсын.

2. Бағдарлама жобасын жетілдіру жөніндегі қызметті үйлестіру Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне Бағдарлама жобасын жетілдіру үшін жұмыс тобының құрамына басқа да министрліктер мен ведомстволардың өкілдерін тарту жөнінде өкілеттіктер берілсін.

4. Жұмыс тобы 2003 жылғы 5 наурызға дейін Бағдарламаның түпкілікті жобасын әзірлесін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі 2003 жылғы 20 наурызға дейінгі мерзімде белгіленген тәртіппен Бағдарлама жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

6. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 17 қаңтардағы
N 4 өкіміне
қосымша

## Каспий теңізі қайраңының қазақстандық бөлігін игерудің 2003-2005 жылдарға арналған (I кезең) бағдарламасы жобасын жетілдіру үшін жұмыс тобының құрамы

| | |
|---|---|
| Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы | - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, жетекші |
| Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекшінің орынбасары |

| | |
|---|---|
| Школьник Владимир Сергеевич | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі |
| Келімбетов Қайрат Нематұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі |
| Әшімов Нұрғали Сәдуақасұлы | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар бірінші вице-министрі |
| Лавриненко Юрий Иванович | - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі |
| Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі |
| Құсайынов Әбілғазы Қалиақпарұлы | - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі |
| Ысқақов Нұрлан Әбділдаұлы | - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі |
| Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі |
| Зверьков Вадим Павлович | - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі |
| Рахметов Нұрлан Құсайынұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Әшитов Батыржан Зайырқанұлы | - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі |
| Бижанов Нұрахмет Құсайынұлы | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары |
| Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімінің меңгерушісі |
| Шалғымбаев Қамбар Басарғабызұлы | - "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы (келісім бойынша) |
| Исаев Мұсабек Исаұлы | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мұнай өнеркәсібі департаментінің директоры |

Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының басқарушы директоры (келісім бойынша)

Хасанов Бақытжан Кеңесұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының басқарушы директоры (келісім бойынша)

Крысанов Виктор Иванович - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті мемлекеттік өртке қарсы қадағалау басқармасы бастығының орынбасары

Шағыров Айтжан Бағытұлы - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау, техникалық және тау-кен қадағалау жөніндегі департаменті мұнай-газ өнеркәсібін, геология мен магистр мұнай-газ құбырларын қадағалау жөніндегі бөлімінің бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК